



DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2026-155-2-42-55>

ХҒТАР 16.21.33  
Ғылыми мақала

С.И. Конисбаева<sup>1</sup>, Б.С. Хайржанова<sup>2\*</sup>, Ф.Қ. Дальмуханова<sup>3</sup>

<sup>1,3</sup>Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инженеринг университеті,  
Ақтау, Қазақстан

<sup>2</sup>Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау, Қазақстан

(E-mail: <sup>1</sup>saniya.konisbayeva@yu.edu.kz, <sup>2</sup>kh.bibigul073@gmail.com\*,

<sup>3</sup>feruza.dalmukhanova@yu.edu.kz)

## НҰРЛАН ҚОСЫМБАЕВ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ «ӨМІР» МЕН «ӨЛІМ» КОНЦЕПТІСІ

**Abstract.** Аңдатпа. Ғылыми мақалада алғаш рет өмірден ерте өткен ақын Нұрлан Қосымбаев өлеңдеріндегі «өмір» мен «өлім» концептілерінің танымдық сипаты айқындалып, тілдік бірліктер мен әрбір фреймнің мазмұны ашылады. Ақын өлеңдері негізінде ұлттық танымымыздағы өмір мен өлім туралы философиялық ойлар да жүйеленіп, барланады. Ақын поэзиясындағы «өмір» мен «өлім» концептілерін талдау тіл білімінің бағыттарында, атап айтқанда когнитивтік лингвистика, этнолингвистика, лингвомәдениеттаным салаларында жаңа ғылыми нәтижелер алуға мол мүмкіндік береді. Мақаланың басты мақсаты – ақын Нұрлан Қосымбаевтың өлеңдеріндегі «өмір» мен «өлім» концептілеріне талдау жасап, концептілердің ақын поэзиясындағы қолданылу ерекшеліктері мен мағыналық өрісін ашу. Концептілік талдаулар арқылы өмір мен өлім ұғымдарының семантикалық, когнитивтік және мәдени аспектілері айқындалады, бұл өз кезегінде тілдік сана мен мәдени кодтарды зерттеуде маңызды ақпарат көзі болып табылады. Мақаланың нәтижелерін, концептілік талдауларды когнитивті лингвистика, этнолингвистикаға қатысты арнайы курстар мен семинарларда пайдалануға болады деуге негіз бар, себебі олар оқырмандардың концептуалдық ойлауын дамытуға, тілдік және мәдени құбылыстарды талдау қабілетін жетілдіруге бағытталған практикалық материал ретінде қызмет етеді. Сондай-ақ бұл зерттеу мақала әдебиеттану мен тілтанымның өзара байланысын көрсетіп, поэтикалық мәтіндердегі ұғымдық, лексемалық құрылымдарды терең түсінуге мүмкіндік береді.

**Түйін сөздер:** когнитивті лингвистика, концепт, фрейм, тілдік бірліктер, ұғым, дүниетаным, эмоция.

Түсті: 20.03.2026; Жөнделді: 21.05.2026; Мақұлданды: 15.06.2026; Онлайн қолжетімді: 30.06.2026

---

## **Кіріспе**

Әр этнос қоршаған ортадағы құбылыстарды, ғаламның тілдік бейнесін өз топшылауымен зерделеп, таразылайды. Қазақ тіліндегі өмір мен өлім, жан мен тән туралы концепт, ұғымдар этнолингвистикада азды-көпті жазылып келеді, бірақ толық зерттеліп бітті деген сөз емес. Тілдік танымдық бірліктер таным мен тіл сабақтастығы аясында толық зерделеніп болған жоқ. Өлім мен өмір ұғымдарын когнитивтік-концептуалдық тұрғыдан саралау, жекелеген авторлар қолданысына үңілу тақырыптың өзектілігін айқындайды. Ұлттық поэзияға сапалық тұрғыда үлес қосқан Нұрлан Қосымбаев өлеңдеріндегі «өмір» мен «өлім» концептілері, концептілік өріс құрайтын қолданыстар танымдық тұрғыдан зерттеуге сұранып тұр. Әдебиет табалдырығын он үш жасында аттаған Нұрлан Қосымбаев өлеңдерінің негізгі тақырыбы – өмір мен өлім, заман мен адам, ізгілікті дәріптеу. Бұл зерттеу ақын Н.Қосымбаев шығармашылығындағы танымдық білім аясы мен ақиқат дүниені суреттеу, бейнелеу қабілетін, танымдық ерекшелігін, танымдық мұрасын тереңірек тани түсуге мүмкіндік береді.

Ғаламдағы әр құбылысты қазақ тілінің бай қазынасы толық бейнелеп бере алады. Сондықтан өмір мен өлім концептісіне қатысты этнолингвистикалық бірліктерді ғаламның тілдік бейнесі, концептуалдық бірліктері ретінде зерделеудің, ақынның дүниетанымына қатысты өмір мен өлім концептісін этнолингвистикалық, философиялық, логикалық тұрғыдан талдаудың мәні зор.

## **Зерттеу материалдары мен әдістері**

Мақаланың дереккөзі ретінде Маңғыстау өлкесінде ғұмыр кешкен ақын Нұрлан Қосымбаевтың (1975-2015) өлеңдері алынды. Нұрлан ақын жұртшылыққа айтыс ақыны ретінде танылды. Жазба өлеңдері көзі тірісінде мерзімді басылымдарда жарияланып тұрды. Ақынның тұңғыш жыр жинағы өзі өмірден өткен соң 2025 жылы «Өлеңде бір ұлың ем үміт артқан...» деген атпен «Үш Қиян» баспасынан жарық көрді. Жұмыста ақынның «Өмір менің – өткелім», «Бір күнгі өмір», «Тамыр тәні, тіршіліктің тал жаны», «Тірі мен өлі тағдырлас», «Өмір-базар, таразыда тұрақ жоқ», «Өмір дегеніміз не?», «Балдәуренде тәттісің өмір неткен», «Ей, өмір, адам атты қонағың бар», «Өмірден тапты ма екен адам бақыт?...», «Өмірге қосаттұғын үлесім бар», «Алып тау, бұлағың бар сарқылмаған», «Өмірді ұғар», «Ғұмыртау», «Ит көйлек», «Қараңғы қапас көңілді...», «Өмірден кей сәттері түңілемін», «Өмір өтіп барады, өмір өтіп», «Өткен өмір, өткен күндер, өткендер», «Дүние келер, кетер кезегімен», «Қамшы-ғұмыр», «Өткен өмір сияқты бір ертегі», «Кеше, бүгін, сосын және ертеңім», «Бәрін де көзің көрер», «Мынау өзі мен түсінбес басқа өмір», «Ұға алман», «Беу, дүние...», «Аманат» сияқты өлеңдері негізгі материал ретінде қарастырылды.

Зерттеуде «өмір» мен «өлім» концептілерінің танымдық сипатын қарастыруда когнитивтік талдау әдісі қолданылды. Ақын өлеңдеріндегі «өмір» мен «өлім» концептілерінің символдық мәнін зерттеуде лингвомәдени, лингвокогнитивтік, дискурстық тұрғыдан талдау, сондай-ақ жинақтау, салыстыру әдістері де негізге алынды.

## **Әдебиеттерге шолу**

Тіл арқылы дүниенің тілдік бейнесін тануда ақын-жазушылардың тілдік тұлғасын зерттеудің маңызы бар. Қазақ тіл білімінде көркем сөз ұсталарының, жекелеген авторлардың арнайы тілін талдаған Р.Сыздық, Е.Жанпейісов, Ж.Манкеева, Қ.Жаманбаева, Б.Нұрдәулетова, Д.Әлкебаева, Ш.Ниятова, Ф.Қожахметова, Н.Шахметова сияқты ғалым, зерттеушілердің еңбектері басшылыққа алынды.

---

Белгілі ғалым Е.Жанпейісовтің «Қазақ ескіліктері» монографиясында құбылыстар мен заттар, оқиғалар түріндегі таңбалар символ, қимылактілері болып семантикаланады. Мәдени атаулар символданады. Ғалым символдың тілдегі көрсеткіші, адам өміріндегі маңызы, қызметі, ұлттың дүниетанымы мен өмір сүру принциптеріне тигізетін ықпалы нақты тілдік материалдармен дәйектелетіндіктен символдың мәдениеттің көрсеткішіне жататындығын атап айтады (Жанпейісов, 2018).

Поэтикалық жанрдың ерекше коммуникативтік құбылыс екендігі белгілі. Оның тілінің мазмұнын, сырын, заманауи лингвистикада когнитивтік, психолінгвистикалық жүйеде қарастырылуда. Сондықтан ғалымдар поэзияны зерттеу екі есе күрделі, себебі ол қозғалыста, динамикалық дамиды деп есептейді (Шахметова, 2010). Сондықтан көркемдік мәтінде кез келген ұлттың тілінің сырын шынайы тану үшін тілдің өзіндік заңдылықтарын білу жеткіліксіз, сондықтан автордың ішкі көркемдік әлемі этностың сан ғасырлар бойы жүріп өткен тарихы мен күнделікті өмірінде орныққан мәдениеті, ой-танымымен тікелей байланысты екендігін ғалым Ж.Манкеева «Өлең сөздің дискурстық синергиясы» мақаласында зерделейді (Манкеева, 2023: 487). Сондай-ақ А.П.Бабушкиннің, Б.А.Серебренниковтің, С.Г.Воркачевтің, Ю.С.Степановтың, Н.Д.Арутюнованың концептіге қатысты ой-тұжырымдары да мақаланы жазуға септігін тигізді.

### **Талқылаулар мен нәтижелер**

Өмір мен өлім концептілері – ғаламның тілдік бейнесіндегі лингвистикалық та, логикалық та, философиялық та категориялар, әрі бір-бірімен тығыз байланысты этнолингвистикалық танымдық мағынаға ие когнитивтік бірліктер.

Зерттеуші А.П.Бабушкиннің тұжырымы бойынша концепт бір құбылыстың ақпаратмасы болғандықтан ол нысанның мазмұнды белгілерін ғана бейнелеп қоймайды, ол сондай-ақ нақты тілдік ұжымдық мән туралы дерек-дәйектермен толығып отыратын белгілерді де бейнелейді екен (Бабушкин, 1996). Сондықтан концепт дегеніміз лингвистикалық та, логикалық та, философиялық та ұғым болып табылады. Б.А.Серебренников тіл ғаламды өзінен өзі бейнелемейді, ол ғалам мен оның нысандарын белсенді түрде тану нәтижесінде алынған концептілерді бөгде таңбалар арқылы ғалам туралы түсіндіретіндігін өз еңбегінде нақты мысалдармен дәлелдейді (Серебренников, 1988). Этнолингвистикада концепт белгілі бір ұлттың ең басты тілдік бөлшегі болып табылады. Зерттеуші С.Г.Воркачев мәдени концептінің тілдік бейне мен этномәдени ерекшелігі бар ұжымдық сананың бірлігі екенін атап айтады (Воркачев, 2001). Орыс зерттеушісі Ю.С.Степанов концептіге орыс мәдениетіне қатысты «орыс ұлтының және орыс қоғамының рухани өмірінің ұжымдық қазынасы» (Степанов, 2001: 57) деген пікір білдіреді. Бұл анықтаманы басқа да мәдениеттер контекстінде қолдануға толық негіз бар.

Мәдени концептілер туралы зерттеуші Н.Д. Арутюнова әр сөз өзіне ғана тән үндестік, мағына, фразеологиялық бірліктер, риторикалық құрылымдар және өзіне тән үйлесімділікпен сипатталатынын, әрбір сөздің өзіндік референциялық аумағы болатындығын, әр мәдени концептіні сипаттау, талдау арқылы оған сай ұғымға да жол аша алатынымызды дәлелдейді. Бұл тәсілдің мәдени-тілдік зерттеулерде концептің мәні мен мағынасын терең түсінуге мүмкіндік беретіндігін түсіндіреді (Арутюнова, 1989: 3).

Шәкәрім поэзиясындағы өлім концептісін зерделеген зерттеуші Ж.Аманбекқызы: «Шәкәрім Құдайбердіұлы өлеңдерінде өлім әдепкі суық та қорқынышты, өмірді жалмайтын жан алғыштан гөрі Жаратушысына жалғайтын көпір, рухани толысу сатысы ретінде көрініс табады», - деп ой түйеді (Аманбекқызы, 2025: 105). Зерттеушінің ойынша

---

Шәкәрім Құдайбердіұлы өлеңдерінде өлім ұғымы бәріміз ойлағандай қорқыныштың нышаны емес, керісінше, адамзатты жаратушыға жақындататын рухани көпір ретінде бағаланатынын бағамдауға болады. Яғни ақын өлімді өмірдің соңы емес, рухани кемелденудің маңызды кезеңі ретінде концептуалдайды.

Уақыт туралы өлеңінде ақын секунд тілі, минут тілі, сағат тілі лексемалары арқылы паремиологиялық дүниенің бейнесі қылып өмір концептісі адамның уақыт тезіндегі кезеңдеріне байланысты сипаттамасы жасалады. Мына өлеңді оқып көрейік:

Секунд тілі – адамның сәби кезі.  
Минут тілі – жастықтың жалын кезі.  
Сағат тілі – белгісі кәріліктің,  
Ең соңғысы – өмірдің ауыр кезі. (Қосымбаев, 2025: 65)

Секунд тілі - адамның сәби кезі, минут тілі – жастық шағы, сағат тілі - өмірдің жасамыс кезі, ең соңғы кез – көрер күннің үлесі, өмірдің ауыр кезі.

Өмір – базар,  
Таразыда тұрақ жоқ! (Қосымбаев, 2025: 33)

Тамыр тәні, тіршіліктің тал жаны,  
Көл – дүние, иілді уақыт қармағы... (Қосымбаев, 2025: 23)

Өмір деген ұлы майдан ұққанға,  
Дүние – дәм, құт жанға... (Қосымбаев, 2025: 23)

Бұл мысалдардан өмір концептісінің мәнін философиялық тұрғыдан кеңірек ашатын *дүние* баламасы арқылы ақынның *өмір – базар, көл – дүние, дүние – дәм, құт* бейнелері арқылы оптимистік көзқарасын байқадық. Ұлтымыздың дүние-танымында өмір концептісінің мағынасын философиялық тұрғыдан жан-жақты аша беретін дәл осындай *дүние, тағдыр, ғұмыр, мектеп, өткел...* сияқты баламалар Н.Қосымбаев өлеңдерінде көп кездеседі. Бұл баламалар автордың көңіл күйіне, бейнелі ойлауына сай түрліше құбылып жұмсалады.

Күн – Құлагер керілген кермедегі,  
Тас тағдыр таспа қамшы өрген еді... (Қосымбаев, 2025: 71)

Бұл жолдарда күн өмірдің символы ретінде алынған, кермедегі керілген күн-құлагер баламасы арқылы еркіндікке ұмтылған тіршілікті көрсетеді. *Өмір* концептісінің мағынасын танытып тұрған тағдыр ұғымы. Өмір құлагер кейпіндегі серпінді де сұлу күш болса, тағдыр қамшымен айдаушы қаталдықты айғақтайды. Адам баласының мойнына артқан жүгі ретінде танылған тағдыр ұғымын автор *тас тағдыр* бейнесін *таспа қамшы өрген* кейіптеуі арқылы жеткізген. Ақынның күйініші мен назы арқылы өмірдің қаталдығы бейнеленген.

Тас тағдыр таспа қамшы өрген еді.

Автор осы жол арқылы тағдырдың жазалаушы күш екенін танытады. Қамшы – күштіліктің белгісі. Сол қамшыны тағдырдың өріп беруі – ақынның өкініші мен өкпесі.

Дүниеге адам келгенде  
Ит көйлек киед, ол неге?  
Жілік үшін жұлысқан,  
Ит-ғұмыр берген пендеге.

---

Көрге кіріп құтылар,  
Ит-ғұмыр деген қорлықтан.  
Ит көйлек киген пенделер,  
Итсің деп жатад сондықтан. (Қосымбаев, 2025: 168)

«Ит көйлек» өлеңіне өмірдің әділетсіздігі, адамдардың қатыгездігі, бір біріне жасаған «иттіктері», пендеуи өмір көрінісі сыйып тұр. Ит-ғұмыр арқылы кей адамдардың өмірі қиындыққа толы екенін аңғартады. «Жілік үшін жұлысқан», «Ит көйлек киген пенделер» деген жолдарда адамдар арасындағы араздық, қулық, қызғаныш, қатыгездікті бейнелесе, «Көрге кіріп құтылар, Ит-ғұмыр деген қорлықтан» деген жолдарда қорлыққа толы сынақ өмірден өлім арқылы ғана құтылуға болатынын, ит-ғұмыр өлім арқылы реттелетінін меңзейді. Өлеңнің соңғы жолдарында адамдық мінез бен моральдық құндылықтар өмірдің мәнін айқындап тұр. «Ит-ғұмыр» ұғымы арқылы өлеңнің философиялық мәнін түсініп, өмір концептісінің тағы бір кілттік символын ұғынамыз.

Қазақта «тағдыр» деп көбіне өмірдің ащысына арналып айтылады. Біздің ұлттық танымымызда «Тағдыр», «Өлім» концептілері – бір біріне жақын ұғымдар. Өлер алдында адам қандай дәрменсіз болса, тағдыр алдында да сондай. Нұрлан ақын өмірден ерте өтерін сезгендей өлім туралы көп жазды.

Періште көңіл пәк едің,  
Көңілін жұрттың қалдырмас.  
Сөзімді ұғын, ей, елім,  
Тірі мен өлі тағдырлас. (Қосымбаев, 2025: 30)

Ақын періштені таза рухтың символы ретінде алып, өлімнің рухты жоймайтындығын, өмір мен өлімнің бір-бірімен сабақтас құбылыстар екендігін бейнелейді. Өлім физикалық шекара емес, тірі мен өлінің тағдырластығы, тіршілік пен рух арасындағы сабақтастықты көрсетеді.

Адам егілген бидай ғой –  
Ажалдың бір күндік асындай! (Қосымбаев, 2025: 10)

Бұл жолдарда автор адам далаға егілген дәнді дақылға баланып, адам тіршілігі уақытша екендігін жырлайды. Ажал – өмірдің соңы, адам сол ажалдың бір күндік қана асындай адам өмірінің шектеулі екендігін мойындатады. Адамның өмірі – дән, өлім оның тағдырлық ақыры деген ойларды ашады.

Жұмбаққа толы дүние,  
Ғылымың мықты болғанмен,  
Бір Алладан басқасы,  
Жауабын толық біле алмас.

Жақсының сөзі жағымды,  
Жаманның сөзі қағынды.  
Тұрағы жоқ бұл жалған,  
Бұлдыраған сағым-ды. (Қосымбаев, 2025: 14)

Тіліміздегі өмір концептісінің мағынасын философиялық тұрғыдан ашатын дүние деген баламасы бар. Н.Қосымбаев өлеңдерінде концептілік мәнге ие доминант дүние, жалған, заман сөздері терең мәнге ие. Түсініксіз, жұмбаққа толы дүниені терең түсіну мүмкін емес. «Бір Алладан басқасы, Жауабын толық біле алмас» деп өмір шындығын танудың шектеулі екендігі философиялық тұрғыдан түсіндіріледі. Өмір құбылмалы, шектеулі, уақытша, ал өлім осы тұрақсыздыққа ақырғы шекара болады. «Тұрағы жоқ бұл

---

жалған» арқылы адамның шектеулі танымын, уақытша болмысын көреміз. «Бұлдыраған сағым» өлім алдындағы өмірдің мәнсіз көрінісі іспетті. Өмір-жұмбақтың шешуі белгісіз, өткінші екендігі көрінеді. Ал өлім – өмірдің жұмбағына шек қоятын құбылыс. Адамның өмірді бағалауына, саналы әрекет жасауына шақырады.

Мына да заман, қай заман.  
Бес күн жалған тірліктің,  
Төрт күнін пенде тойлаған.  
Дүние деген қызық деп,  
Қызығына тоймаған... (Қосымбаев, 2025: 15)

Өмірдің өткіншілігі, адамның уақытқа тәуелділігі осы жолдарға сыйып тұр. «Бес күн жалған тірлік» арқылы өмірдің тым қысқалығын айқындаса, «төрт күнін пенде тойлаған» деп уақыттың босқа өтетіндігі, уақыттың құндылығы пайымдалады. Ақын «Дүние деген қызық деп, Қызығына тоймаған...» деген жолдарда уақытша өмірдің думаны мен қызығына пенде тоймайтындығын, адамдардың өмірдің шын мәнін түсінбей өтетіндігін, адамның көп нәрсеге қанағат таппайтындығын, тіршіліктің уақытша екендігін, ақырында өлімнің бәрін теңестіретінін жырлайды.

Өмір менің – өткелім,  
Өмір менің – мектебім.  
Адам деген аттестат бер,  
Ей, өмір,  
Мен өзіңде көктедім! (Қосымбаев, 2025: 67)

Бұл өлең жолдарынан өмірдің сынақ екенін ұғамыз. «Өмір – өткел» баламасында балалық кезден қарттық кезеңге өтуде өмірдің сынақ екені, ал «Өмір – мектеп» баламасында өмірдің әрбір сәті, жетістігі де, қателігі де үлкен сабақ екендігі, адам өмір бойы оқып, үйрену үстінде толысып отыратындығы, Өмір – жай мектеп емес, құндылықтар мектебі екендігі сипатталады. «Адам деген аттестат алу» – өмір-мектептен адами құндылықтар арқылы тұлға болып қалыптасу, нағыз адам деген атқа ие болу. Бұл өлеңнің тәрбиелік мағынасы да терең.

Н.Қосымбаев «Бір күнгі өмір» өлеңінде бүкіл өмірді «бір күнгі өмірге» сыйғызған. «Бір күнгі өмір» концептісі – өмірдің әрбір сәтін бағалау.

Үйелеп батысқа күн барады асып,  
Келбетін көр кештің сен, далаға шық.  
Бір күнгі өмір көрінісі, кешкілік сәт,  
Бес қырынан келместің барады асып. (Қосымбаев, 2025: 22)

Өмірдің әрбір күні бағалы. Әр күнді мағыналы өткізу – рухани құндылықтарға басымдық беру. Бүгінгі күнмен өмір сүру принципі уақытты барынша тиімді пайдалану, күнделікті тіршілікте адамдық қасиеттермен жақысылық жасауға ұмтылу, әрбір атқан таң жаңа мүмкіндік екенін ұқтыру – автордың басты мақсаты.

Өртенгендей қып-қызыл өңір жатты.  
Бір күнгі өмір селдетті, жауындатты.  
Қайғы-мұңды біріне қалың жапты,  
Тасынғанның шыңғыртып шаңын қақты,  
Сағынышын біреудің сағымдатты,  
Бір күнгі өмір қастықты достастырса,  
Енді бірі қастасқан жауын да атты (Қосымбаев, 2025: 22)

---

«Бір күнгі өмір» тек тәуліктік уақыт қана емес, адам ғұмырының символы. Тағдырдың қысқа да құбылмалы бір кезеңі психологиялық параллелизм арқылы шебер қиюласқан. Сел мен жауын – ішкі күйзелісті айқын танытып тұрған күш.

Қайғы-мұңды біріне қалың жапты...

Өмір бір сәттің ішінде алай-дүлей болып, бір күн бір ғұмырдай ауыр сынақ болатынын дөп басқан. Қайғы-мұң жамылған адамның тағдыры өз еркінен тыс күш екенін сеземіз. Өмірдің әділетсіз сипатын танимыз.

Бір күнгі өмірдің «тасынғанның шыңғыртып шаңын қағуы» – тәкаппар, менмен адамның жазалануы, тәубеге келуі. Өмірдің адам тәрбиелейтін күш екенін де түйсінесіз. Тәкаппар адамды тезге салып, түзейтін де – өмір. Адам ғұмырының бір ғана сәті адам болмысын түбегейлі өзгерте алады.

Өлеңнің келесі жолдарынан сағыныш-сағым бейнесі арқылы үміттің алыстап кеткенін, қол жетпес арманға айналғаны, енді бірде дұшпанды дос еткенді немесе дос пен дұшпанды соғыстырғанын, яғни өмірдің парадокстық табиғатын, өмірдің құбылмалылығын байқаймыз. Адам ғұмыры өткінші, аз уақыттың ішінде шаттық та, қайғы-мұң да, өзімшілдік те, сағыныш та, достық пен дұшпандық та қатар жүреді. «Бір күнгі өмір» – тұтас тағдыр.

Бір күнгі өмір біреуді шаттандырды.

Енді бірі атағын мақтан қылды.

Перзентсізге ұл беріп сүйіндірді,

Бір күнгі өмір біреудің жалғыз ұлын

Алып кетіп, шаттығын күйіндірді.

Бар байлығын біреудің тонап кетіп,

Сол байлықпен басқаны киіндірді (Қосымбаев, 2025: 22)

«Бір күнгі өмір» – тағдырдың шешуші сәті. Алғашқы жолдардан бір күнгі сәт біреудің бақытты кезеңі екені көрінеді, мейірін төккен өмір сипаты, мақтаныш өмір көрінісі, келесі жолдарда тұрақсыз, қайшылықты өмір сәттері бейнеленген. Өмірдің бір сәтте шаттық сыйлап (перзент сүю), келесі бір сәтте қайғыға батуы (жалғыз ұлдан айырылу), өмірдің болжаусыздығы сипатталады. «Бар байлығын біреудің тонап кетіп, Сол байлықпен басқаны киіндіруі» – тағдырдың теңгерімсіздігі, біреудің жиған-терген дүние-мүлкін басқа біреудің тонауы – өмірдің әлеуметтік әділетсіздігі. Бұл жерде өмірдің екіжақты табиғаты ашылады: Өмір адамға береді – өмір адамнан алады. Яғни қуаныш пен қасірет қатар жүреді. Тұтас ғұмырдың мағынасын бір күнгі өмір өзгерте алады. «Бір күнгі өмір» – ғұмырлық күш. «Мейрімді өмір», «қатал өмір», «бақытты өмір» лексемалары арқылы ақынның эстетикалық сезімдерін өз сезіміңіздей қабылдайсыз. Бұл да – өлеңнің құдіреті.

Өмір мен өлім макроконцептілері негізінде өмірдің жан мен тән бірлігі қарастырылады. «Бір күнгі өмір» концептісі – өмірдің өткіншілігі, қайшылыққа толып тұрғаны, тағдырдың тосын сыйларын бейнелейтін негізгі бейне.

«Бір күнгі өмір» концептісі арқылы өмір-құбылыста бір күн ішінде қуаныш та, қайғы да, байлық та, кедейлік те, достық та, қастық та алма-кезек ауысып тұратындығы шынайы жырланған.

Бір күнгі өмір біреуге көп көрінген.

Қызыл арай күн анау көкте күлген.

Мен ертеңге артамын үмітімді,

Бір күнгі өмір, сен текке өткеніңмен (Қосымбаев, 2025: 22)

---

Өмірдің қысқалығына, қиындығына, текке өткеніне қарамастан ертеңгі күннен үміт үзбей, болашаққа сеніп, әр сәтті бағалау керек деген оптимистік сезіммен аяқталатын өлең – терең философиялық толғаныс. Бұл жерде өмір қуаныш пен қайғы, беру мен алу, байлық пен жоқтық модельдері арқылы қарама-қарсылыққа негізделген табиғатты көрсетіп тұр.

Ұл беріп сүйіндірген, сол ұлды алып кетіп күйіндірген, біреудің байлығын тонаған, сол байлықпен басқаны байытқан өмір – үлестіріп бөлуші күш екендігі де, әділетсіздігі де көрінеді. Яғни өмір – бір күн, өтпелі сәт. Бұл өмірдің өткіншілік концептісін айқындауы. Өлең философиялық тұрғыда қайшылыққа құрылған тағдырлық күш бейнесінде берілген.

Өмір өтіп барады, өмір өтіп,  
Біріне ауыр, біріне жеңіл етіп.  
Енді бірін жұбатса шаттандырып,  
Енді бірін барады еңіретіп.

Қош аман бол, ендеше, өткен өмір,  
Құмға сіңген су сынды кепкен өмір.  
Баз біреулер қайғы-мұң шеккен өмір.  
Біреулерге құлпырған көктем өмір (Қосымбаев, 2025: 116)

Бұл өлеңдегі «өмірдің» басты аспектілері мыналар: өткінші уақыт (құмға сіңген су, құлпырған көктем), ауыр да жеңіл қайшылық: (бірін шаттандырған өмір, бірін еңіреткен өмір), тағдыр: шаттық пен мұң алмасқан өмір, қоштасу: («Қош аман бол, ендеше, өткен өмір»). Өмірдің өтіп бара жатқаны – өлшеулі жол, үздіксіз қозғалыс, уақыт ағыны. Оның қайтымсыздығы, өткіншілігі көңілге өкініші ұялатады. Өмірдің біріне ауыр, біріне жеңіл болуы – барша адамзатқа бірдей еместігінен өмірдің субъективті қабылдануын көрсететін өмір – салмақ ұғымы шығады. Өмірдің әрекет етуші, адамға әр түрлі көңіл күй сыйлайтын күш екенін жұбатады, // шаттандырады, // еңіретеді етістіктері арқылы байқаймыз.

Құмға сіңген су сынды кепкен өмір.

Өмірді құмға сіңген суға теңеу өткінші, сарқылатын құбылыс екендігін аңғартып, өмірдің фәнилік концептісін көрсетеді. Біреулерге бұл дүние қайғылы, мұңлы өмір болса, біреулерге құлпырған көктем өмір екендігін көрсету арқылы өмірдің қаһары мен өмірдің гүлденіп, жаңаруы бейнелі салыстырылады. Қайталау тәсілі арқылы да өлеңнің әуендік табиғатына да мән берген жөн. «Өмір өтіп барады, өмір өтіп» жолында *өмір өтіп* тіркесінің қайталануы, келесі жолдарда *біріне, енді* бірін сөздерінің қайталануы, келесі шумақта біреулер сөзінің тармақ басында, ал өлең соңында өмір сөзінің қайталануы өлеңге әуен беріп тұр. Өлеңдегі антитезалық *ауыр-жеңіл, шаттандыру-еңірету, қайғы мұң-құлпырған көктем* ұғымдары арқылы өмір-өлім концептісінің дуалистік тілдік моделі шығады. *Өмір-су* құбылтуы өмірдің ізсіз жоғалуы болса, өмір-көктем құбылтуы өмірдің гүлденуі, табиғаттың құбылмалы екендігі бейнеленеді.

«Қош аман бол, ендеше, өткен өмір» тармағы арқылы ақын өмірмен қоштасады. Өлім тікелей аталмаса да жасырын берілген, өткен өмір тіркесі арқылы аяқталған тіршілікті меңзейді. Бұл өлең – өмірдің өтіп бара жатқаны, құмға сіңуі, лирикалық кейіпкердің қоштасуы. Бұл өлеңде өлім тікелей аталмаса да, өмірдің өтіп бара жатқаны астарлы түрде өлім идеясы беріледі. Өмір – уақытша жол моделі шығады. Осы өлеңді оқи отырып, ойға еріксіз Мұқағали Мақатаевтың өмір туралы өлеңі оралады:

---

Пай, пай, Өмір!  
Өтесің-ау бір күні.  
Тыясың-ау қуанышты, күлкіні.  
Өмір деген - бір жарқ еткен найзағай,  
Өмір деген - көк аспанның күркірі.  
Пай, пай, Өмір,  
Өтесің-ау бір күні!  
Болмағандай, жүрмегендей сенде біз,  
Кетеміз-ау, әй, кетеміз,.. пендеміз.  
Ұрпақтарға береміз де кезекті,  
Біз кетеміз.

Кету үшін келгеміз... (Мақатаев, 2001: 207), - дейді.

Екі өлеңде де өмірдің уақытша, өткінші құбылыс екені жырланады. Н.Қосымбаев «Өмір өтіп барады, өмір өтіп» десе, Мұқағали «Пай, пай, Өмір! Өтесің-ау бір күні» деп толғанады. Бірінші өлең шумақтарында өмірдің өтуі «құмға сіңген суға» теңелсе, екінші өлеңде өмір «жарқ еткен найзағайға», «көк аспанның күркүріне» баланады.

Ары қарай Мұқағали былайша жырлайды:

Өмір деген - бұйым емес қолдағы,  
Өмір дейтін - ұлы бекет жолдағы.  
Қаның кеуіп қаталаған кезіңде  
Сусыныңды қандырсаң бір болғаны.  
Мына күн де, мына аспан да, дала анау,  
Бәрі бізден, бәрі бізден қалады-ау!  
Өмір дейтін - тағатсыз бір қозғалыс,  
Өмір дейтін - өлемін деп қарамау (Мақатаев, 2001: 207).

Мақатаев лирикасында өмірді философиялық тұрғыда бейнелейді. Өмірдің бұйым еместігі айтылып, «жолдағы бекетке», «тағатсыз қозғалысқа» баланады. Екі өлеңде де адамның дүниеге уақытша келетіндігі айтылып, екі ақын да өмірдің қысқа екендігін, өлімнің заңдылығы жайлы ортақ философиялық ойлары тоғысады. Берілген өлең мәтіндерінде «өмір» мен «өлім» концептілері өмір өткіншілігін танытатын дүниетанымдық идея ретінде көрініс тауып жатқаны байқалады. Екі өлеңде де өлімге дейінгі өмірдің жолы қайғы мен қуаныштың алмасуы арқылы бейнеленеді және «өлім» концептісі өмірдің өткіншілігімен сабақтастырылады. Екі ақынның дүниетанымдық бағыты екі түрлі, яғни бірінші өлеңде уақыттың қайтымсыздығы, өмірмен қоштасу, өлім өмірдің өшуі деп берілсе, екінші өлеңде адамның уақытша дүниеге келуі, өмірдің қысқалығы, ұрпақ жалғастығы мен өлімнен қорықпай өмір сүру идеясы түрінде бейнеленеді, яғни өлім өмір жолының табиғи аяқталуы түрінде концептуаланады.

Мен үшін өмір едің дән секілді.  
Әлем біткен айтатын ән секілді.  
Уақыт – тұлпар шабады, күн-түн демей,  
Тұяқтағы өмірсің шаң секілді (Қосымбаев, 2025: 116).

Бұл өлең шумақтарында өмір концептісі метафоралар арқылы терең философиялық мазмұнда ашылып тұр. Өмір-дән баламасы арқылы оның өсіп-өну, жалғасу сипатын, тіршіліктің негізін көрсек, өмір-ән баламасы арқылы мәнді де әсем адамзатқа ортақ құбылыс екенін түйсінеміз. Ал уақытты тұлпарға балауы арқылы өмірдің тынымсыз, тоқтаусыз қозғалысын аңғарамыз. Тұяқтағы шаң бейнесі арқылы өмірдің қысқалығы

---

мен өткіншілігі, көз ілеспес жылдамдықпен өтіп бара жатқан өмір суреті көркем де бейнелі жеткізілген. Өмірдің баянды да, баянсыз құбылыс екендігі жеткізілген.

«Өмір – дән», «Өмір – ән», «Өмір – шаң» бейнелері контекске байланысты символдық мәнге де ие болып тұр. Дән – бастау, өсімді, ән – әсемдік пен үйлесімді, шаң – өткіншілік, фәниді бедерлеп тұр. Бұл метафоралық қолданыстың символдық мәні терең қабатында жатыр. Ақын мұңы астарлы түрде көрінеді: өмір-шаң баламасы арқылы өмірдің өткіншілігіне, баянсыздығына налиды, уақыт-тұлпар символы арқылы өмірдің тоқтаусыз өтіп жатқанына күйзеледі. «Эмоция түрлері психикалық формаға түскенде ғана лирикалық көңіл күйіне көшпек. Яғни мұң иррационалды күшке айналуы үшін, алдымен, лирикалық эмоцияға өтеді. Осыдан келіп бірте-бірте психикалық процестер мен күштердің жиынтығын, тұтастығын түзетін экзистенция туады. Осыдан бастап мұң – толғанысқа берілудің өте күрделі формасына айналады. Мұның ең жоғарғы формасы – объективті күшке айналған даналық формасы (ішкі дүниенің терең жатқан құрылымы)» (Жаманбаева, 1998: 92). Ғалым Қ.Жаманбаеваның пікірінен шығатын ой біз мысалға алған ақын Н.Қосымбаев өлеңдері ішкі дүниенің тереңінен, психикалық және эмоционалды күйлердің жиынтығынан туатыны айқындалады. Мұң мен толғаныс ақын өлеңдерінде алдымен лирикалық эмоцияға айналып, кейін оны терең философиялық, даналық формаға жетелейді.

### **Қорытынды**

Жалпы лингвистикада ғалымдардың топшылауынша концепт деген менталды құбылыстар мен бірліктер арқылы шындық өмірдегі нысандар жайлы тұжырым, ол шын мәнінде өзіміз ойлайтындай сөз бен оның мағынасының жиынтығы емес, санада жинақталған сөздің жалпы бейнесі болып табылады. (Sultangubiyeva et al., 2021: 190). Ақын өлеңдері арқылы рухани әлемінің күрделі құрылымын оқырманына жеткізе білген. Н.Қосымбаев өлеңдеріндегі «өмір» мен «өлім» концептілерінің семантикалық және когнитивтік өрісін зерттеудің өзекті екендігіне көз жеткіздік.

Н.Қосымбаевтың «Өмір менің – өткелім», «Бір күнгі өмір», «Тамыр тәні, тіршіліктің тал жаны», «Тірі мен өлі тағдырлас», «Өмір-базар, таразыда тұрақ жоқ», «Өмір дегеніміз не?», «Балдәуренде тәттісің өмір неткен», «Ей, өмір, адам атты қонағың бар», «Өмірден тапты ма екен адам бақыт?..», «Өмірге қосаттұғын үлесім бар», «Алып тау, бұлағың бар сарқылмаған», «Өмірді ұғар», «Ғұмыртау», «Ит көйлек» және тағы басқа да өлеңдерінде «өмір» концептісінің концептуалдық кеңістігі зерттелді. «Бір күнгі өмір» өлеңі М.Мақатаевтың «Пай, пай, Өмір!» өлеңімен салыстырылып, сабақтас тұстары айқындалды.

«Өлім» концептісі ақынның «Қараңғы қапас көңілді...», «Өмірден кей сәттері түңілемін», «Өмір өтіп барады, өмір өтіп», «Өткен өмір, өткен күндер, өткендер», «Дүние келер, кетер кезегімен», «Қамшы-ғұмыр», «Өткен өмір сияқты бір ертегі», «Кеше, бүгін, сосын және ертеңім», «Бәрін де көзің көрер», «Мынау өзі мен түсінбес басқа өмір», «Ұға алман», «Беу, дүние...», «Аманат» сияқты өлеңдерінде қарастырылып, аталған өлеңдер арқылы концептінің ұғымдық және семантикалық аспектілері ашылды.

Қорыта айтқанда, Нұрлан Қосымбаев поэзиясы қазақ әдебиетіне қосылған рухани құндылық деп бағаладық. Ақынның он үш жасынан қағазға түсірген өлеңдері, яғни 1988 жылдан 2014 жылға дейінгі өлеңдерінде қуаныш пен мұң, өмір мен өлім, бақыт пен қайғы контраст концептілері көркемдік тұрғыдан жоғары деңгейде қолданылады. Ақын оқырманын рухани тазалыққа үндейді. «Бес күн тірлік», «бір күнгі өмір», «үзілмеген

---

үміт», «аласармаған арман» сияқты символдық мәні бар метафоралар – ақын жанының нәзік иірімдері. Нұрлан ақынның өлеңдерін талдау арқылы оның өмірдің мәнін терең түсінуге ұмтылғаны байқалады. Өмір мен өлім концепттері шығармаларында тек философиялық ой ретінде ғана емес, сондай-ақ рухани толысудың, ішкі әлемнің бейнесі ретінде көрініс табады. Ақын мұрасы халық сақтап, оқырман қабылдаған жағдайда ғана өмір сүре береді, яғни оның шығармашылық әлемі әлеуметтік және мәдени контекстпен өзара байланысты болып, ұрпаққа үнемі әсерін тигізеді.

### **Мүдделер қақтығысы**

Мақала бойынша мүдделер қақтығысы жоқ.

### **Авторлардың қосқан үлесі**

**С.И. Конысбаева** зерттеу тақырыбы бойынша материалдар жинады, әдеби шолу, ақын Нұрлан Қосымбаевтың өлеңдерін ғылыми талдау нәтижесінде оның поэзиядағы үлесінде көркемдік ерекшеліктерін айқындау барысында теориялық негіз қалады; **Б.С. Хайыржанова** мақаланың концепциясын құрды, әдіс-тәсілдерін айқындады, әдіснамалық мәселелерді көтерді; **Ф.Қ. Дальмуханова** мақаланың мазмұнын, құрылымын реттеді, нысанға алған ақын поэзиясының поэтикалық құрылымдарына тоқталып, нақты мысалдарды жүйеледі, ақын өлеңдеріндегі контраст концептілерін көркемдік тұрғыдан зерделеп, ғылыми талдауларға мән берді.

### **Әдебиеттер тізімі**

- Аманбекқызы, Ж., Сыздықова, Г. (2025). Шәкәрім Құдайбердіұлы өлеңдеріндегі «өлім» концептісі. Торайғыров университетінің хабаршысы. Филологиялық серия, (4), 98-110. <https://doi.org/10.48081/VJGV4500>
- Арутюнова, С. (1989). Народы и культуры. Москва.
- Бабушкин, А. (1996) Типы концептов в лексико-фразеологической семантике языка. Воронеж: ВГУ.
- Бисенғали, З., Манкеева, Ж. (2023). Қазақ филологиясы: Егіз негіз. Алматы: Арыс.
- Воркачев, С. (2001). Концепт «счастья»: понятийный и образный компоненты. Известия РАН. Серия литературы и языка, 60(3), 47-58.
- Жаманбаева, Қ. (1998) Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция, символ, тілдік сана. Алматы: Ғылым.
- Жанпейісов, Е. (2018). Қазақ ескіліктері. Алматы: Қазақ тілі.
- Қосымбаев, Н. (2025). Өлеңде бір ұлың ем үміт артқан... Алматы: Үш Қиян.
- Мақатаев, М. (2001). Шығармалары (4 томдық. 1-том: Өлеңдері мен поэмалары) Алматы: Жалын.
- Серебренников, Б. и.др. (1988). Роль человеческого фактора в языке. Язык и картина мира. Москва.
- Степанов, Ю. (2001) Константы русской культуры. Москва.
- Шахметова, Н. (2010). Синергетический и когнитивно-прагматический потенциал художественного дискурса (на примере концепта “Судьба”/ “Тағдыр” в русском и казахском языках (дис. канд. филолог. наук). Астана.
- Sultangubiyeva, A. A., Avakova, R. A., Gabdullina, Z. Ye., Ibraggimkyzy, S., Imangalieva, S. Zh. (2021). Linguistic units of the concept «heart» in the world linguistic image (On the material of Kazakh and English languages). Astra Salvensis, Supplement no. 1/2021 (1), 187–198. <https://astrasalvensis.eu/2021-2/#>

### The concept of “life” and “death” in the poems of Nurlan Kosymbaev

**Abstract.** For the first time, this study reveals the cognitive nature of the concepts “life” and “death” in Nurlan Kosymbaev’s poetry, as well as the content of linguistic units and individual frames. Based on the poet’s works, philosophical reflections on life and death within the national worldview are systematized and explored. The analysis of the “life” and “death” concepts provides new opportunities for research in linguistics, particularly in cognitive linguistics, ethnolinguistics, and linguocultural studies. The main goal of the research is to analyze the concepts “life” and “death” in N. Kosymbaev’s poetry and to identify the features of their usage and semantic scope within poetic texts. Conceptual analysis allows the identification of semantic, cognitive, and cultural aspects of the notions of “life” and “death,” serving as an important source of information for the study of linguistic consciousness and cultural codes. Findings of the study and conceptual analyses can be applied in specialized courses and seminars on cognitive linguistics and ethnolinguistics, as they serve as practical materials for developing conceptual thinking and enhancing the ability to analyze linguistic and cultural phenomena. Furthermore, this research demonstrates the interconnection between literary studies and linguistics and allows a deeper understanding of conceptual and lexical structures in poetic texts.

**Keywords:** cognitive linguistics, concept, frame, linguistic units, notion, worldview, emotion.

### Концепт «жизнь» и «смерть» в стихах Нурлана Косымбаева

**Аннотация.** В научной статье впервые выявляется когнитивная природа концептов «жизнь» и «смерть» в поэзии талантливого поэта Нурлана Касымбаева, ушедшего из жизни преждевременно; раскрывается содержание языковых единиц и каждого фрейма. На основе поэзии поэта систематизируются и исследуются философские представления о жизни и смерти в рамках национальной картины мира. Анализ концептов «жизнь» и «смерть» в поэзии поэта открывает новые возможности для исследований в области лингвистики, в частности, когнитивной лингвистики, этнолингвистики и лингвокультурологии. Основная цель исследования — проанализировать концепты «жизнь» и «смерть» в стихах Н. Косымбаева, выявить особенности их употребления и семантическое поле в поэтическом тексте. Концептуальный анализ позволяет выявить семантические, когнитивные и культурные аспекты понятий «жизнь» и «смерть», что представляет собой важный источник информации для изучения языкового сознания и культурных кодов. Результаты статьи и концептуальные анализы могут быть использованы на специализированных курсах и семинарах по когнитивной лингвистике и этнолингвистике, так как они служат практическим материалом для развития концептуального мышления и совершенствования навыков анализа языковых и культурных явлений. Кроме того, данное исследование демонстрирует взаимосвязь литературоведения и языкознания, а также позволяет глубже понять концептуальные и лексические структуры в поэтических текстах.

**Ключевые слова:** когнитивная лингвистика, концепт, фрейм, языковые единицы, понятие, картина мира, эмоция.

---

## References

- Amanbekkyzy, Zh., & Syzdykova, G. (2025). Shakarim Kudaiberdiuly olenderindegi «olim» kontseptisi [The concept of “death” in the poems of Shakarim Kudaiberdiuly]. *Toraighyrov universitetinin khabarshysy. Filologiyalyq seriya*, (4), 98–110. <https://doi.org/10.48081/VJGV4500> [in Kazakh]
- Arutyunova, S. (1989). *Narody i kultury* [Peoples and cultures]. Moscow. [in Russian]
- Babushkin, A. (1996). *Tipy kontseptov v leksiko-frazeologicheskoy semantike yazyka* [Types of concepts in lexical and phraseological semantics of language]. Voronezh: VGU. [in Russian]
- Bisengali, Z., & Mankeeva, Zh. (2023). *Kazak filologiyasy: Egiz negiz* [Kazakh philology: Twin foundations]. Almaty: Arys. [in Kazakh]
- Vorkachev, S. (2001). Kontsept «schastyia»: ponyatiynyy i obraznyy komponenty [The concept of “happiness”: conceptual and figurative components]. *Izvestiya RAN. Seriya literatury i yazyka*, 60(3), 47–58. [in Russian]
- Zhamanbayeva, K. (1998). *Til koldanysynyn kognitivtik negizderi: emotsiya, simvol, tildik sana* [Cognitive foundations of language use: emotion, symbol, linguistic consciousness]. Almaty: Gylym. [in Kazakh]
- Zhanpeisov, E. (2018). *Kazak eskilikteri* [Kazakh antiquities]. Almaty: Kazak tili. [in Kazakh]
- Makatayev, M. (2001). *Shygarmalary* (Vol. 1: Olenderi men poemalary) [Collected works (Vol. 1: Poems and poems)]. Almaty: Zhalyn. [in Kazakh]
- Kossymbayev, N. (2025). *Olende bir ulyn em umit artqan...* [In poetry, I was a son in whom hope was placed...]. Almaty: Ush Kiyan. [in Kazakh]
- Serebrennikov, B., et al. (1988). *Rol chelovecheskogo faktora v yazyke: Yazyk i kartina mira* [The role of the human factor in language: Language and worldview]. Moscow. [in Russian]
- Shakhmetova, N. (2010). *Sinergeticheskiy i kognitivno-pragmaticheskiy potentsial khudozhestvennogo diskursa (na primere kontsepta “Sudba” / “Tagdyr” v russkom i kazakhskom yazykakh)* [Synergetic and cognitive-pragmatic potential of discourse (based on the concept “Fate” / “Tagdyr” in Russian and Kazakh languages)]. PhD dissertation, Astana. [in Russian]
- Stepanov, Yu. (2001). *Konstanty russkoy kultury* [Constants of Russian culture]. Moscow. [in Russian]
- Sultangubiyeva, A. A., Avakova, R. A., Gabdullina, Z. Ye., Ibraggimkyzy, S., & Imangalieva, S. Zh. (2021). Linguistic units of the concept «heart» in the world linguistic image (on the material of Kazakh and English languages). *Astra Salvensis*, (1), 187–198. Retrieved from <https://astrasalvensis.eu/2021-2/#>

## Авторлар туралы мәлімет

**Конисбаева Сания Ишановна** – филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау, Қазақстан. E-mail: [saniya.konisbayeva@yu.edu.kz](mailto:saniya.konisbayeva@yu.edu.kz), ORCID: <https://orcid.org/0009-0003-0494-2572>.

**Хайржанова Бибігүл Сейілханқызы** – хат-хабар үшін автор, педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау, Қазақстан. E-mail: [kh.bibigul073@gmail.com](mailto:kh.bibigul073@gmail.com), ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7251-5009>

**Дальмуханова Феруза Қозыбаевна** – филология ғылымының магистрі, аға оқытушы, Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау, Қазақстан. E-mail: [feruza.dalmukhanova@yu.edu.kz](mailto:feruza.dalmukhanova@yu.edu.kz), E-mail: [feruza.dalmukhanova@yu.edu.kz](mailto:feruza.dalmukhanova@yu.edu.kz), ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9060-1106>

**Konisbayeva Saniya Ishanovna** – Candidate of Philology, Associate Professor, Caspian University of Technologies and Engineering named after Sh. Yessenov, Aktau, Kazakhstan. E-mail: [saniya.konisbayeva@yu.edu.kz](mailto:saniya.konisbayeva@yu.edu.kz), ORCID: <https://orcid.org/0009-0003-0494-2572>

**Khairzhanova Bibigul Seilkhanovna** – corresponding author, Candidate of Pedagogy, Associate Professor, Kh. Dosmukhamedov Atyrau University, Atyrau, Kazakhstan. E-mail: [kh.bibigul073@gmail.com](mailto:kh.bibigul073@gmail.com), ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7251-5009>

---

**Dalmukhanova Feruza Kozibayevna** – Master of Arts, Senior Lecturer, Caspian University of Technologies and Engineering named after Sh. Yessenov, Aktau, Kazakhstan. E-mail: feruza.dalmukhanova@yu.edu.kz, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9060-1106>

**Конисбаева Сания Ишановна** – кандидат филологических наук, ассоциированный профессор, Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова, Актау, Казахстан. E-mail: saniya.konisbayeva@yu.edu.kz, ORCID: <https://orcid.org/0009-0003-0494-2572>

**Хайржанова Бибигуль Сейлхановна** – автор для корреспонденции, кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор, Атырауский университет имени Х. Досмухамедова, Атырау, Казахстан. E-mail: kh.bibigul073@gmail.com, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7251-5009>

**Дальмуханова Феруза Козибаяевна** – магистр филологических наук, старший преподаватель, Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова, Актау, Казахстан. E-mail: feruza.dalmukhanova@yu.edu.kz, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9060-1106>



**Copyright:** © 2026 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).